

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ**
**«ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ДАЯРЛАУ» бағыты бойынша Академиялық
комитеттің кезекті № 6 мәжілісінің хаттамасы**

Түркістан қаласы
Ректорат ғимараты, 222-аудитория/сағат 14:30

14.03.2023 жыл

Академиялық комитет мәжілісіне қатысқандар: АҚ төрағасы, Мемлекеттік басқару және халықаралық қатынастар кафедрасының меңгерушісі, доц. PhD А.Амирбек, Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің басшысы Шахабаев Е.Ш, Академиялық департамент директоры Бостанова А.М., Экономика, басқару және құқық факультетінің деканы Баймағанбетов С., Экономика, басқару және құқық факультетінің декан орынбасары Байбақов Н., Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімі басшысының орынбасары Полатбекова К., Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскерлері Г. Тасболатова, Шалтаева М. және Киянбекова А., Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталығының басшысы Мухитдинова С.М.

АҚ мүшесі, Академиялық персоналдар: Мемлекеттік басқару және халықаралық қатынастар кафедрасының доц. м.а PhD Тажибаев Р.

АҚ мүшесі, жұмыс беруші өкілдері: «Түркістан облысының Қоғамдық даму басқармасы отбасы және жастар мәселесі жөніндегі бөлімі» басшысы Н.Аралбеков

АҚ мүшелері, білімгерлер өкілдері: 6B03138-Халықаралық қатынастар білім беру бағдарламасының студенті А. Нариманова.

Қатыспағандар: -

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Әртүрлі мәселелер.

1.1. 6B03138-Халықаралық қатынастар білім беру бағдарламасының ББ тізілімдесінде тіркелуін және ББ-ның ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделіп, қолданысқа ендірілу мәселесін талқылау.

Жауаптылар: Экономика, басқару және құқық факультетінің деканы, Мемлекеттік басқару және халықаралық қатынастар кафедрасының меңгерушісі, доц. PhD А.Амирбек, доц. м.а PhD Тажибаев Р.

Экономика, басқару және құқық факультеті, Мемлекеттік басқару және халықаралық қатынастар кафедрасының меңгерушісі, доц. PhD А.Амирбек 6B03138-Халықаралық қатынастар білім беру бағдарламасына өзгеріс енгізу негіздемесіне қатысты баяндама жасады.

Доц. м.а. PhD Тажибаев Р. 6B03138-Халықаралық қатынастар білім беру бағдарламасына енгізілген жаңа пәндердің сипаттамалары мен Оқыту нәтижелерінің маңыздылығына тоқталды. Сонымен қатар, бұрыннан мамандыққа қатысты пәндердің ауқымы мен атауын заманның талабына және пәннің ерекшелігін назарға ала отырып, өзгерістердің енгізілгеніне тоқталды. Бұндай өзгеріс негізі оқу жоспарында кейбір пәндердің Базалық пәндер компонентінен(БП) таңдамалыға(ТК), Таңдамалыдан(ТК) Міндеттіге(МК), Міндетіден Таңдамалыға орын ауыстыру қажеттілігін туғызды. Осы аяда доц. м.а. PhD Тажибаев, 6B03138-Халықаралық қатынастар білім беру бағдарламасының ерекшеліктерін назарға ала отырып тиісті өзгерістердің енгізілгенін айтып өтті. Атап айтқанда,

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 2 бұйрығына өзгерістер енгізіліп, қорытынды аттестаттау 12 кредиттен 8 кредитке қысқарды.

- БББ-ға кейбір өзгерістер енгізілді.
- 2023-2024 оқу жылында қабылданатын білімгерлер үшін 6В03138-Халықаралық қатынастар білім беру бағдарламасы төмендегідей түрде жаңартылды:

Жалпы 12 ОН-нан 11 ОН-ге қысқартылды. ОН-дер талапқа сәйкес жинақталып, қайта жазылды.

Кейбір пәндердің аттары мен кредиттері өзгертілді:

БП циклі МК және ТК

1. Халықаралық қатынастар теориясына кіріспе (3 кр) - Халықаралық қатынастарға кіріспе (5 кр)
2. Сыртқы саясат анализ (3 кр) – Жаһандану үдерісінде сыртқы саясат анализі (8кр)
3. Қазіргі әлемдегі ұлттық және этникалық мәселелер (5кр) – Халықаралық қатынастарда этникалық қақтығыстар (5кр)
4. Саяси география (5кр) – Халықаралық қатынастардағы өркениет факторы (6кр)
5. Әлемдік экономика және ХЭҚ (Гази) 5 кр (Халықаралық қатынастар жүйесінде Орталық Азия және Кавказ аймағы)
6. Дипломатиялық шет тілі I және Дипломатиялық шет тілі II - Дипломатиялық шет тілі 8 кр
7. Азия мемлекеттерінің саяси жүйесі және сыртқы саясаты 5 кр - Халықаралық қатынастар жүйесінде Азия-Тынық мұхит аймағы 5 кр
8. Алып елдердің сыртқы саясаты және технология 3 кр - Халықаралық қатынастарда терроризм және экстремизм 8 кр.

Кредит сақталып, өзгерістер енгізілді:

БП циклі ТК – дан МК-ға ауыстырылды

1. Қытайдың сыртқы саясаты

ТК пән атауы өзгертілді

1. Сыртқы саясат анализі – Жаһандану үдерісінде сыртқы саясат анализі
2. Қазіргі әлемдегі ұлттық және этникалық мәселелер - Халықаралық қатынастарда этникалық қақтығыстар
3. Азия мемлекеттерінің саяси жүйесі және сыртқы саясаты - Халықаралық қатынастар жүйесінде Азия-Тынық мұхит аймағы
4. Дамушы елдердің сыртқы саясаты - Қазіргі дамушы елдер: саяси, әлеуметтік және экономикалық мәселелер

МК-тен ТК-ке ауыстырылған

1. Көпжақты дипломатия
2. Дипломатиялық құжатта

Жаңадан пәндер қосылды:

БП МК-не

1. Академиялық жазбаға кіріспе
2. Икемді дағдылар

ТК-ке

3. Бұқаралық дипломатия
4. Халықаралық конфликтология
5. Халықаралық қатынастарда терроризм және экстремизм
6. Халықаралық қатынастарда Қатаң және жұмсақ күш
7. Халықаралық қатынастардағы өркениет факторы

8. Халықаралық гуманитарлық мәселелер
9. Әлем елдерінің сыртқы саяси стратегияларының тарихы

Пәндер БББ-дан алынып тасталды:

1. Энергетикалық саясат
2. Қазіргі заманғы халықаралық қатынастар жүйесі
3. Саясат социологиясы
4. Әлемдік интеграция үрдістері
5. Түркі Дүниесінде интеграциялық үдерістер
6. Халықаралық қатынастар және Жаһандану
7. Дипломатия тарихы
8. Қазақстан Республикасының Дипломатиясы
9. Түркия-Еуропа Одағы қарым-қатынастары
10. Саяси көзқарастар тарихы
11. Ақпараттық талдау
12. Сыни және жүйелі ойлау

Баяндамадан кейін, Академиялық департамент директоры Бостанова А.М. сөз алып, 6В03138-Халықаралық қатынастар білім беру бағдарламасы бойынша жасалған өзгерістердің заман талабына сай екенін білдіріп, кафедраның бұл бағытта атқарып жатқан жұмысын құптады. Мемлекеттік басқару және халықаралық қатынастар кафедрасының меңгерушісі, доц. PhD Амирбек А. аталған ББ-ның ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделіп, қолданысқа ендірілу әрекеті жасалып жатқанын айтып, өз сөзін аяқтады.


Шешім: 6В03138-Халықаралық қатынастар білім беру бағдарламасы бойынша жасалған өзгерістерді қанағаттанарлық деп танылсын және Наурыз айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылдансын.

**Академиялық комитет
төрағасы:**



Амирбек А.

**Академиялық комитет
хатшысы:**



Тажобаев Р.